



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ


**Ұлттық Банктің зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару  
жөніндегі қызметі**

Астана қ.  
2025ж. Наурыз



## 01.01.2025ж. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ПОРТФЕЛІ

### Зейнетақы активтерінің динамикасы




- БЖЗҚ зейнетақы активтері 2024 жылдың басынан бастап **4,6 трлн** теңгеге немесе **25,9%** - ға ұлғайып **22,4 трлн** теңге құрады
- 2024 жылы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің **валюталық үлесі кезең-кезеңімен 31,7% - дан 40,2% - ға** дейін ұлғайтылды
- Валюталық активтерді инвестициялау активтер кластары бойынша **нысаналы стратегиялық бөлуге** сәйкес жүзеге асырылады және **шетелдік басқарушы компанияларды** тартуды көздейді




## ІШКІ НАРЫҚТА ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

01.01.2025 ж. зейнетақы активтерінің портфелі



**22,4 трлн теңге**

01.01.2025 ж. теңгедегі портфельдің құрылымы




**13,4 трлн теңге**

- 2025 жылы ҚР МБҚ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, халықаралық қаржы ұйымдарының және екінші деңгейдегі банктердің облигациялары сияқты Ұлттық қорды басқару жөніндегі Кеңес мақұлдаған негізгі бағыттар шеңберінде БЖЗҚ зейнетақы активтерін нарықтық жағдайларда инвестициялау жалғастырылатын болады
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау эмитенттерге және олардың қаражатты пайдалану жөніндегі түпкі мақсаттарына қарамастан тек қана **нарықтық мөлшерлемелер** бойынша жүзеге асырылады




## ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН СЫРТҚЫ НАРЫҚТАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

01.01.2025 ж. зейнетақы активтерінің портфелі



**22,4 трлн теңге**

01.01.2025 ж. валюта портфелінің құрылымы




**17,2 млрд АҚШ доллар (9,0 трлн теңге)**

- **Валюталық позицияның** болуы инвестициялар географиясын және қаржы құралдарының тізбесін кеңейту есебінен БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелін **әртараптандыруды** қамтамасыз етеді, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңде портфельдің **сапасы мен кірістілігін** арттыруға мүмкіндік береді
- Валюта портфелін басқару **индекс негізінде** жүзеге асырылады және АҚШ-тың қазынашылық облигациялары, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар және акциялар сияқты **негізгі шетелдік активтер кластарына** инвестицияларды қарастырады
- Мысалы, акциялар индексіне **Apple, Microsoft, Tesla** және басқалары сияқты компаниялардың **1000-нан астам** эмитенттері кіреді




# ӘЛЕМДІК АКЦИЯЛАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР ИНДЕКСТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

## MSCI индексі




## АҚШ МБҚ индексі



## Дамушы елдердің облигациялары индексі




## Инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар индексі





## ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ КІРІСТІЛІГІ



- 2024 жылғы зейнетақы активтерінің **кірістілігі** есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **3,4 трлн** теңге болған кезде **17,8%**, 2023 жылы есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **1,6 трлн** теңге болған кезде **10,1%** құрады
- 2014 жылғы сәуірден (шоғырландыруды аяқтау кезеңі) бастап 2024 жылға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің **жинақталған кірістілігі 156,0%** мөлшерінде жинақталған инфляция кезінде **180,2%** - ды құрайды



## 2025 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТЕРІС ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ

Кіріс түрі	Көлемі, млрд теңге		
	Қаңтар	Ақпан	Барлығы:
Есептелген сыйақыдан түскен кіріс	130,3	132,1	262,4
Валюталық активтерді бағамдық қайта бағалаудан түсетін кіріс	-118,6	-322,1	-440,7
Нарықтық қайта бағалаудан түскен кіріс, оның ішінде:	-299,1	100,0	-199,1
<i>ҚР МБҚ бойынша</i>	-253,8	-18,3	-272,1
<i>сыртқы басқарудағы активтер бойынша</i>	-57,8	94,4	36,6
Басқа кірістер	2,5	4,3	6,8
<b>Барлығы:</b>	<b>-284,9</b>	<b>-85,7</b>	<b>-370,6</b>


- 2025 жылғы қаңтар-ақпанда **инвестициялық кірістің төмендеуі уақытша сипатқа** ие және зейнетақы активтерінің нарықтық және валюталық құнының өзгеруіне байланысты
- **2025 жылғы қаңтар-ақпандағы теріс инвестициялық табыстың негізгі себептері:**
  - 1) *ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігінің өсуі салдарынан олардың **нарықтық құнының төмендеуі;***
  - 2) *АҚШ долларына теңгенің қаңтарда 525,11 теңгеден 518,14 теңгеге дейін және ақпанда 518,14 теңгеден 499,22 теңгеге дейін нығаюы салдарынан валюталық активтерді **теріс бағамдық қайта бағалау;***
  - 3) шетел нарықтарындағы валюта портфелі активтерінің **құбылмалылығы.**

Кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуларына қарамастан, 2024 жылғы наурыздан бастап 2025 жылғы ақпанға дейінгі **соңғы 12 айда** есептелген **инвестициялық кіріс** мөлшері **2,7** трлн теңгені құрады, инфляция **9,4%** кезінде кірістілік **13,74%** құрайды




## БЖЗҚ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

БЖЗҚ валюталық портфелінің үлесі және оның белсенді аллокациясы



БЖЗҚ валюталық портфелінің үлесі және оның ұсынылған аллокациясы



Портфельге жүргізілген талдауға сәйкес БЖЗҚ зейнетақы активтерінің нысаналы жыл сайынғы нақты кірістілігін қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді кезеңде **200 б.п.** деңгейінде:

- акциялар мен баламалы құралдар сияқты активтердің кірістілік кластарын **40% - ға** дейін ұлғайту арқылы валюта портфелінің қолданыстағы стратегиялық аллокациясын қайта қарау
- әлемдегі зейнетақы және егеменді қорлар кеңінен қолданатын, сондай-ақ 2015 жылдан бастап ҚРҰБ АВА және 2023 жылдан бастап Ұлттық қордың активтерін басқаруда табысты пайдаланылатын үлесі **10% - ға** дейінгі баламалы құралдарға (хедж-қорлар, жеке капитал қорлары, жылжымайтын мүлік қорлары және басқалар) инвестицияларды қосу мәселесін қарастыру жоспарлануда